



21 қараша күні С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Ш.Айтматовтың туғанына 90 жыл толуына орай «Түркі әлемінің жұлдызы-Шыңгыс Айтматов» атты әдеби сағат өтті.

Максаты:Занғар тұлға Шыңгыс Айтматовты ұлықтау, философиялық мағынаға толы шығармаларын насихаттап, жастарға таныстыру.

Айтматов шығармалары әлемнің 157 тіліне аударылған. Бірнеше туындысына фильм түсірілген. Ол өз еңбектерінде Алатаудың қос етегін қатар жайлаған қазақ пен қырғыздың достығын арқау еткен.

Кітапханашылар оқырмандарға ұлы жазушының өмірі мен шығармаларын таныстырды. Оның шығармаларындағы басты кейіпкерлер – қырғыз бен қазақ болғанын, осылайша, ол қазақ пен қырғыз халқының арасындағы байланысты одан әрі тереңдете түскенін енгімелеп берді. Жазушының «Алғашқы ұстаз» шығармасынан үзінді оқылып, ақын М. Шахановтың Ш.Айтматовқа арнаған өлеңдері жатқа айтылды. Тақырыпқа сай слайд, бейнебаяндар көрсетілді. «Шыңгыс Айтматовтың айдыны» атты кітап қормесі ұйымдастырылып, қормеге жазушының шығармалары мен олар туралы әдебиеттер

## «Түркі әлемінің жұлдызы-Шыңгыс Айтматов» атты әдеби сағат

Автор: Administrator  
21.11.2018 00:00 -

---

Койылды.

# «Түркі әлемінің жұлдызы-Шыңғыс Айтматов» атты әдеби сағат

Автор: Administrator  
21.11.2018 00:00 -

